

**"Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 18-НҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 10-НҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 447 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 сәуірде № 16829 болып тіркелді

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 9) тармақшасына сәйкес Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті (бұдан әрі – Есеп комитеті) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қазақстан Республикасының Қаржы министрі **БҰЙЫРАДЫ**:

1. "Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларын бекіту туралы" Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 18-НҚ және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 601 бірлескен нормативтік қаулысы мен бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12575 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 12 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бірлескен нормативтік қаулы және бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік аудиторлардың кәсіби әдеп қағидаларында:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік аудиторға мынадай әдеп талаптары:

1) өзіне тиесілі құқықтарды жүзеге асыру кезінде адал, парасатты, әділ бола отырып , жалпыға бірдей қабылданған моральдық нормалар мен қағидаттарды сақтау;

2) көшбасшылық қасиеттерін және тиімді жұмыс қатынастарына ықпал ету қабілетін көрсету, ойлау тәуелсіздігін және кәсіби скептицизм, пікір алысу мен тұжырым жасауда дербестік пен объективтілік, әділетсіздікке, моральдық, адамгершілік және құқықтық нормалардың бұзылуына келіспеушілік таныту;

3) іске қатысты барлық жағдайлар мен фактілерді салмақты бағалау, тұжырым жасауда және пікір алысуда өз мүдделерінің немесе басқа да адамдардың мүдделерінің ықпалына ұшырамау;

4) мемлекеттік меншіктің сақталуына және мемлекеттің экономикалық мүдделерінің қорғалуына өзінің жеке жауаптылығын сезіну;

5) ар-намысын сақтау және мінсіз беделге ие болу, жұмыс бойынша әріптестерімен жақсы қарым-қатынаста болу, өз кәсібінде беделі мен жоғары қоғамдық мәртебесін сақтау, жұмыста да, тұрмыста да айналасындағы адамдарға әдепті түрде жүгіну;

6) азаматтық және кәсіби борышына адал болу;

7) әдептілікпен, қарапайымдылықпен, сыпайылықпен және алаламаушылықпен астасатын адалдық, тәртіптілік, жауаптылық, белсенділік, бастамашылық, табандылық пен талапшылдық таныту, жұмыс және келіссөздер (кездесулер) барысында басқа адамдарға, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектісінің (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектісі) лауазымды адамдарына әдептілік пен құрмет көрсету;

8) мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарынан қажетті құжаттарды ұсынуларын сыпайы және әдепті түрде талап ету;

9) мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарының атына орынсыз әрекеттен, ауыр сөз айтудан, мемлекеттік аудит объектісінің қызметі туралы біржақты пікірлер мен пайымдаулар білдіруден бойын аулақ ұстау;

10) туындаған мәселелерді мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарымен талқылау кезінде өзінің көзқарасын тиісті нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің нақты нормаларына міндетті түрде сілтеме жасай отырып, кеңпейілділікпен, насихатсыз, біржақтылық көрсетпей, дәлелді және айқын түрде қорғау;

11) мемлекеттік аудит жүргізу кезінде мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдарынан ресми емес кездесулерден, орынсыз көңіл бөлу шараларынан, жұмыс орнында ысырапшылдықтан, сыйлық немесе тарту алудан, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау барысында және аяқталғаннан кейін ұсынылатын қызметтерден бойын аулақ ұстау;

12) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарымен мемлекеттік аудит нәтижелерінің объективтілігіне әсерін тигізуі мүмкін өзара қарым-қатынастан аулақ болу не жол берілмейтінін білдіре отырып, мұндай қарым-қатынастарды дереу тоқтату талаптары белгіленеді."

2. Есеп комитетінің Заң бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың Есеп комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен нормативтік қаулының және бұйрықтың орындалуын бақылау Есеп комитетінің аппарат басшысына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бірлескен нормативтік қаулы және бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Б. Сұлтанов*

*Республикалық бюджеттің  
атқарылуын бақылау жөніндегі  
есеп комитетінің Төрайымы*

*Н. Годунова*